ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 27 қыркүйек №2301-24-00-2/2191 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А.Р.Балмуханованың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшысы Д.Исмаилова болып, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасының «№2 Атырау қалалық емханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Хайржан Г.Х.»

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор С.Т.Көптілеуов
Талап қоюшы өкілі Г.С.Қадырбаева

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 13 маусымда тараптар арасында құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №143 шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын 1-қосымшасына сәйкес жауапкер тапсырыс берушіге москит торларын техникалық сипаттамаға сәйкес орнатуға міндеттеме алған.

Шарттың сомасы – 164 000 теңге, орындау мерзімі – келісім шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік ішінде болып белгіленген. Демек, шарт бойынша міндеттеменің орындалу мерзімі – 2024 жылғы 28 маусым.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, жауапкермен шарттың міндеттемелері орындалмағанын, жұмыстар орындалмағанын көрсетіп, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Талап қою арызына жауапкермен қарсы пікір ұсынылмады.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі талабын қуаттап, оны толық көлемде қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының орны мен уақыты туралы тиісті түрде хабарланған жауапкер сотқа келген жоқ, келмеуі себептерінің дәлелділігі жөнінде сотқа мәлімет берген жоқ және істі өзінің қатысуынсыз қарауды немесе сот отырысын кейінге қалдыруды өтінген жоқ.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің (әрі қарай – АПК) 196-бабының 4-бөлігін басшылыққа алып, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті, бұған жиынтығында мынадай шарттарды:1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттарын қанағаттандыратын жағдайлар қосылмайды.

Аталған заң талабын орындау мақсатында талап қоюшы сотқа тиісті талаппен мерзімінде жүгінген.

Шарттың орындалу мерзімі – 2024 жылғы 28 маусым.

Қазіргі таңда, жауапкер шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындамаған, жұмыс орындалмаған.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады және ол қанағаттандырылуға жатады.

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 04.10.2024
Заңды күшіне енген күні: 05.11.2024 Сулия Балмуханова А. Р., 07.11.2024
2301-24-3-1/2330

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1846 теңге мемлекеттік баж өндірілуі тиіс.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 196, 117,223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасының «№2 Атырау қалалық емханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының «Хайржан Г.Х.» жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Хайржан Г.Х.» мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Хайржан Г.Х.» жеке кәсіпкерден мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Р.Балмуханова
Көшірмесі дұрыс
Судья А.Р.Балмуханова
Анықтама
Шешім заңды күшіне 2024 жылдың «05» қарашасында күшіне енді
Судья А.Р.Балмуханова

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 04.10.2024
Заңды күшіне енген күні: 05.11.2024 Сулы Балмуханова А. Р. 07.11.2024
2301-24-3-1/2330